

Факультет деканы
ОРАЗБАЕВА ЭЛЬМИРА БЕЙСЕНБАЙҚЫЗЫ
филология ғылымдарының кандидаты



Оразбаева Эльмира Бейсенбайқызы, 1971 жылы 24 тамызда Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Қайнар ауылында дүниеге келген.

1978-1988 жылдар аралығында Қайнар орта мектебінде оқыған.

1988-1991 жылдар аралығында Кентау қаласындағы «Гүлдер» балабақшасында тәрбиешінің көмекшісі болып жұмыс істеген.

1991 жылы Шымкент қаласындағы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтына оқуға түсіп, 1995 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент бөлімінің орыс мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын үздік дипломмен бітірген.

1995 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент бөлімінің «Практикалық қазақ тілі және қазақ тілін оқыту әдістемесі» кафедрасына оқытушы қызметіне қабылданады, 2002 жылы «Түркітаным» кафедрасының аға оқытушысы қызметіне ауысады.

2010 жылы ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында филология ғылымдарының докторы, профессор Е.Ә.Керімбаевтың жетекшілігімен «Ә.Кекілбаевтың тарихи романдарындағы жалқы есімдердің этномәдени, лингвостилистикалық, лингвонцептологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта 10.02.02-қазақ тілі мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

Э.Б.Оразбаева оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен үздіксіз және нәтижелі түрде айналыса жүріп, «Мемлекеттік тілді меңгертуде жүргізілетін лексикалық минимум», «Мемлекеттік тілді үйретуде жүргізілетін тестер», «Мемлекеттік тілді меңгертуде жүргізілетін бақылау жұмыстар», «Мемлекеттік тілді меңгертуде арналған тес тапсырмалары», «Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу», «7-сыныптың қазақ тілі сабақтарында тіл ұстарту», «Практикалық қазақ тілі», «Қазақ тілі пәнінен тест тапсырмалары» атты оқу-әдістемелік құралдарын, ҚР БЖҒМ грифтімен «Қазақ тілі» оқу құралын, «Ә.Кекілбаевтың тарихи романдарындағы жалқы есімдердің этномәдени, лингвостилистикалық, лингвонцептологиялық ерекшеліктері» атты монография жариялады. Scopus мәліметтер базасының журналдарында жарияланған 3 мақала мен шетелдік және отандық ғылыми

басылымдарда жарияланған 70-тен аса мақалалардың авторы болып табылады.

ҚР БжҒМ «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы, НЗМ Педагогикалық шеберлік орталығы және Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясы ұйымдастырған біліктілік арттыру курстарында білімін жетілдіріп, сертификаттар алды.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Э.Б.Оразбаева 2011-2012 оқу жылынан бастап Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Тіл білімі кафедрасының аға оқытушысы, 2013-2014 оқу жылында филология факультетінің декан орынбасары, факультет деканы, ғылыми мектеп директорының орынбасары, 2014-2015 оқу жылында филология ғылыми мектебінің директоры, «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, 2015-2016 оқу жылынан бастап «Бастауыш білім», «Бастауыш білім және педагогика», 2017-2018 оқу жылынан бастап «Педагогика-гуманитарлық», 2019 жылдан 2021-2022 оқу жылына дейін «Тарих және педагогика» факультеттерінің деканы қызметтерін атқарды. «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған уақытта 5B010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы педагогикалық ЖОО арасында рейтингте жоғары орындарға ие болды. «Педагогика-гуманитарлық» факультетінің деканы қызметін атқарған жылдары факультетте дайындалатын мамандықтар бойынша магистратура мен докторантуралар ашылды. «Бастауыш білім», «Бастауыш білім және педагогика», «Педагогика-гуманитарлық», «Тарих және педагогика» факультеттерін басқарған жылдары оқытушы-профессор құрамы мен студенттердің жұмысы барлық бағыттар бойынша жоғары деңгейде ұйымдастырылды, студенттер контингенті бойынша ОҚМПУ-дың үлкен факультеті болып табылды.

2021-2022 оқу жылынан бастап филология факультетінің деканы қызметін атқарады.

Э.Б.Оразбаева тәрбие, оқу-әдістемелік жұмыстарды жауапкершілікпен және жоғары деңгейде ұйымдастырып жүргізуіне байланысты 2013 жылы «Үздік тәлімгер» сертификатымен, 2017 жылы «Студент жанашыры» сертификатымен, ОҚО Мәслихатының Алғыс хатымен және 2017 жылы ҚР БжҒМ «Құрмет грамотасымен» және «ОҚМПУ-80 жылдық» төсбелгісімен марапатталды.